

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ, ҚАРАҚИЯ АУДАНЫ «№8 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



«Мектептің»
«№8 ЖББМ» КММ директоры
Т.С. Аюханова
2024 жыл

КӘСІБИ БАҒДАР БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім беру жүйесін ескере отырып орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын орта білім алу деңгейлері бойынша үздіксіз кәсіптік бағдар беру жүйесі құрылуда.

Орта білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдар беру жұмысын мынадай түрге бөлу ұсынылады:

1-4-сыныптар. Бұл кезеңде ең маңыздысы баланың ішкі психологиялық ресурстарын дамыту болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысының жетекші қызметі: ойын, шығармашылық, ізденіс, зерттеушілік.

1-4-сынып оқушыларын ерте кәсіптік бағдарлаудың мақсаты: әр адамның өміріндегі еңбектің орны туралы бастапқы идеяларды кеңейту; әртүрлі кәсіптер туралы негізгі түсініктерді егжей-тегжейлі көрсету; ойын және басқа әдістер арқылы әртүрлі қызмет түрлеріне ену мүмкіндігін қамтамасыз ету.

1-сынып – әлеуметтік білім алу. Құрастыру сабақтары, үй қолөнерімен танысу, мектеп ішінде экскурсиялар, әртүрлі мамандықтағы адамдармен кездесулер;

2-3-сыныптарда әлеуметтік ақиқатқа құндылық қатынасын қалыптастыру. Рөлдік ойындар, нәтижелі ойындар («Поштада», «Ауруханада», «Дүкенде» және т. б.);

4-сынып – дербес қоғамдық іс-әрекеттер тәжірибесін алу. Балалар мен ересектердің бірлескен білім беру түрі.

5-7-сыныптар. Осы кезеңдегі кәсіптік бағдар беру жұмысының мақсаты –еңбек туралы түсініктерін жалпылау және дамыту, еңбекке деген сүйіспеншілікке, еңбек адамдарына деген құрметке тәрбиелеуді жалғастыру. Әр түрлі мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету.

5-сыныпта білім алушылардың кәсіптік бағдарлану негіздерін қалыптастыру және/немесе анықтау, әртүрлі тақырыптарға конкурстар, сауалнама және психологиялық тестілеу, сондай-ақ кәсіптік дағдыларды дамытатын кәсіптік бағдарлау ойындары арқылы білім алушылардың қызығушылық қабілеттерін ашу;

6-сыныпта білім алушыны болашақ маманның белгілі бір кәсіби рөліне орналастыру, оларға виртуалды еңбек нарығының жұмыс істейтін қызметкері ретінде материалдар дайындау, психологиялық тренингтер, сондай-ақ кәсіптік дағдыларды дамытатын кәсіптік бағдарлау ойындары;

7-сыныпта білім алушының кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру, болашақ мамандығы бойынша еңбек нарығының нақты мамандарымен өзара байланыс және ынтымақтастық, халықты жұмыспен қамту орталықтарына бару, сондай-ақ кәсіби дағдыларды дамытатын психологиялық тренингтер мен кәсіптік бағдарлау ойындары.

8-9-сыныптар. Оқытудың осы кезеңіндегі кәсіптік бағдарлау жұмысының мақсаты: білім алушыларға болашақ кәсіптің нұсқаларын жобалауда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Білім алушыларды ауданның, 81

қаланың, облыстың кәсіби өндірістік картасымен таныстыру, кәсіптер әлемінің алуантүрлілігін ашу, оқуды жалғастыру үшін бейінді саналы түрде таңдауға ықпал ету. Кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесінде оқушылардың бастапқы біліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Мектеп психологының белсенді диагностикалық жұмысы жүргізіледі, мамандықты саналы түрде таңдау сабақтары өткізіледі. Оқушылар қызметкерлерге жоғары талаптар қоятын аса маңызды мамандықтарды (ТЖМ, білім беру, медицина, IT-мамандар және т.б.) зерделейді. Білім алушыларды еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандар туралы хабардар етуді, кәсіби консультациялар өткізуді және мансапты жоспарлауда қолдауды қамтамасыз ету маңызды.

9-11-сынып білім алушыларына алдағы мамандық түрінің негіздерін түсінуге бағытталған сабақтардың тақырыптары ұсынылады. Үлгі ретінде берілетін іс-шаралардың тақырыптары: «Өзіңді таны», «Мамандық таңдау факторлары. Сауалнама», «Кәсіптік бағдар беру және кәсіби кеңес беру (мамандық бағыты бойынша)», «Кәсіпті таңдау мотивтері», «Кәсіптің психологиялық сипаттамалары», «Олар біздің мектепте оқыды», «Мектеп түлектері – мұғалімдер», «Болашағы зор кәсіптер», «Шығармашыл адамның өмірлік стратегиясы», «Келешек ғасыр бізге не дайындайды», «Не? Қайда? Қашан? Мамандықтар туралы ақпарат» және т.б.

Кәсіптік бағдар беруге дайындықтың белгілі бір элементтері мыналар болуы мүмкін: оқыту бейінін таңдау туралы шешім қабылдауды анықтау мақсатында топтық және жеке кеңес беру. Кәсіптік бағдар беру қызметін жалпымектептік, сыныптан тыс іс-шараларға бөлуге болады. Сыныптан тыс жұмыстар: экскурсиялар, көшпелі іс-шаралар, семинарлар, фокус-топтар өткізу, ашық есік күні аясында колледждер мен жоғары оқу орындарына бару. Мектептегі іс-шаралар: мектеп акцияларын өткізу, бос орындар жәрмеңкелеріне, білім беру көрмелеріне қатысу және бүкіл мектептің қызметін қамтитын басқа да іс-шаралар.

10-11-сыныптар. Негізгі мақсат: кәсіби жоспарларды түзету, таңдалған қызметке дайындықты бағалау. Кәсіптік бағдарлау іс-шаралары білім алушылардың кәсіптік ниеттерін нақтылау бойынша жоба жұмыстарын жасаумен аяқталады.

Кәсіптік бағдар берудің маңызды құрамдас бөлігі оқушылардың шығармашылық практикалық тапсырмаларды орындауы болып табылады. Олар таңдалған бейінді және одан әрі оқу бағытын нақтылау міндетін орындайды және жасөспірімге нақты әрекеттерді, тапсырмаларды орындауға, сұрақтарға жауап беруге, жасалған таңдаудың дұрыстығын тексеруге мүмкіндік беретін әрекеттерден тұрады. Жобалық жұмыста кәсіби ілгерілеудің алыс және жақын мақсаттарына, олардың қоғамдық және жеке құндылықтармен келісімділігіне негізделеді.

10-11-сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысының маңызды бағыттарының бірі олардың мүдделерін, бейімділіктерін, кәсіби қалауларын, қабілеттерін, жеке ерекшеліктері мен құзыреттерін анықтау, кәсіби өзін-өзі анықтау тұрғысынан одан әрі дамыту үшін проблемалық аймақтар және 82 ресурстарды анықтау үшін диагностика жүргізу жүзеге асырылады. Бұл кезеңде оқушының жеке басына тән келесі ерекшеліктері зерттеледі: құндылық бағдарлары, қызығушылықтары, қажеттіліктері, бейімділігі, кәсіби ниеттері, мамандық таңдау мотивтері, мінез ерекшеліктері. Осы кәсіптік бағдарлау диагностикасы мектеп оқушыларының табысты кәсіби өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыру шарттарының бірі болып табылады.

Мақсаты: Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету. Оқушылардың саналы кәсіби таңдауын жүзеге асыруға қажетті ресурстарын құру мүмкіндіктерін туғызу, кәсіптік қызығушылығын жан-жақты қалыптастырып, мамандықты дұрыс таңдауға бағыт беру.

Міндеттері:

- 1) техникалық және кәсіптік, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын анықтаған кезде білім алушыларға және олардың ата-аналарына олардың таңдаған мамандығына өз әлеуетін енгізуге жәрдемдесу;
- 2) техникалық және кәсіптік, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын іріктеудің негізгі өлшемдерімен танысу;
- 3) техникалық және кәсіптік ұйымдардың, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің түпкілікті таңдауын білім алушылар анықтайды.
- 4) Оқушыларға ақыл-кеңес беріп, кәсіби таңдауларына сәйкес жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, денсаулықтарына байланысты, аймақтағы мамандарға сұрастың қажеттілігін негізге алып мамандық таңдау жұмыстарын ұйымдастыру
- 5) Жеке шарттар, кәсіби сынамалар, кәсіпорындарға саяхат жасау арқылы кәсіби білім беру мақсатында жоғары оқу орындары, колледждер, кәсіпорындар арасындағы әлеуметтік серіктестікті орнату;
- 6) Жетістік пен табысқа жеткен тұлғалардың іс тәжірибесімен, бейнесімен танысу арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және кәсіби бағдар беруде кездесулер, сұхбаттар, бірлескен шаралар ұйымдастыру;
- 7) Ерте жастан мамандық таңдау мақсатында оқытудың әр сатысында арнайы жобалар мен қосымшалар арқылы жұмысты ұйымдастыру;
- 8) Инклюзивті оқыту негізінде ерекше мұқтаждары бар білім алушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру

Күтілетін нәтижелер:

1. Ерте жастан кәсіби бағдар беру жұмыстары жүреді
2. Жоғары сатыдағы оқушыларын бағдарлы оқыту арқылы ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жандандырылады.
3. Оқытушы мен оқушы арасындағы ынытымақтастықпен іс-әрекеттің жоспарлы қарым-қатынасы ұйымдастырылады.
4. Жоғары сынып оқушыларын оқытудың мазмұнын бейіндік және деңгейлік даралауға жағдай туғызуға, жеке қабілеттері мен талаптарына сай жеке білім траекториясын құруға мүмкіндік туады.
5. ЖОО, АОО мен мектеп арасындағы байланыс нығаяды

Негізге алынған нормативтік құжаттар:

1. Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «27 қыркүйектегі №500 бұйрығы», Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «13 қазандағы №569 бұйрығы», 2019 жылғы «Тыңдаушыларға арналған нұсқаулықтар» негізге ала отырып, Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы «2 қарашадағы 545- бұйрығына 1- қосымшаға сәйкес, Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №150 бұйрығы, Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «19» желтоқсандағы №692 бұйрығы
- «2024-2025 оқу жылында ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТЫ**

2024-2025 оқу жылына арналған бағдарлы оқыту және кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспары
(Маңғыстау облысының білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу бойынша іс-шаралар жоспары негізінде жасалды)

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Жауапты
	Кәсіптік бағдарлау кабинетін жасақтау	қыркүйек	Кәсіптік бағдар беруші Кітапхана
	Кәсіби бағдар жұмыстарын ұйымдастыруда мұғалімдерге кеңес , беру Кәсіптік бағдар беру бұрышын жандандыру	қыркүйек	Кәсіптік бағдар беруші
	2024/2025 оқу жылы бойынша оқуын колледжде және ЖОО-да жалғастырып жатқан оқушылар жайында ақпарат жинақтау	қазан	Кәсіптік бағдар беруші Сынып жетекшілер
	Ерте жастан мамандықты анықтау мақсатында 1-2 сынып оқушыларына мамандықтар туралы түсінік беру	қыркүйек	Кәсіптік бағдар беруші
	Аудандық кәсіби бағдарға байланысты семинарларға қатысу	жыл бойы	Кәсіптік бағдар беруші
	2024-2025 оқу жылына 7-11 сынып оқушыларының тізімін құру	қыркүйек	Кәсіптік бағдар беруші
	9-11 сынып оқушыларынан сауалнамалар алу	Жыл бойы	Кәсіптік бағдар беруші
	11 сынып оқушыларының ҰБТ нәтижелерін талдай отырып, бағыт бағдар беру	Жыл бойы	Кәсіптік бағдар беруші ДТЖО
Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша қыркүйек айы- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	«Адам өміріндегі еңбектің ролі» 9 сынып оқушылары арасында эссе жазу	қараша	Кәсіптік бағдар беруші Сынып жетекшілер
Желтоқсан айы- Бірлік және ынтымақ айы	«ҰБТ-ға сеніммен барайық» тренинг	желтоқсан	Мектеп психологі
Қаңтар айы- Заң және тәртіп айы	«Заңгер», «Сот», «Тергеуші мамандықтарының адамға қояр талабы қандай? 11 сынып	қаңтар	Кәсіптік бағдар беруші Сынып жетекшілер
Ақпан айы- жасампаздық және жанашылдық айы	Болашақта пайда болатын мамандықтар туралы видеороликтер көрсету (8-9сыныптар)	ақпан	Кәсіптік бағдар беруші
Наурыз айы- тәуелсіздік және отаншылдық айы	Маңғыстау облысында орналасқан арнаулы оқу орындары туралы ақпарат беру (9-11сыныптар)	наурыз	Кәсіптік бағдар беруші

сәуір айы-еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	Кәсіпорындарға саяхат	сәуір	Кәсіптік бағдар беруші
мамыр айы- бірлік ынтымақ айы	Ата аналармен мамандық туралы бірлескен отырыс 11 сынып	мамыр	Кәсіптік бағдар беруші

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс- шаралар	сыныбы	Орындау мерзімі	Жауапты
II. Оқушылармен жүргізілетін зерттеу жұмыстары.	Өз таңдауы бойынша жаратылыстану- математикалық және қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы бағдардағы сыныптарға оқушыларды орналастыру	11 сынып	тамыз	Кәсіптік бағдар беруші Сынып жетекшілер
	11 сынып оқушыларына оқу орындарына түсу шарттарын түсіндіру, гранттар түрлері, квота түрлерімен таныстыру	11 сынып	Ақпан-наурыз	Кәсіптік бағдар беруші
7 сыныптар				
	«Мамандығыңды дұрыс таңдай біл!» сауалнама	7 сынып	қазан-қараша	Кәсіптік бағдар беруші
	«Мен таңдаған мамандық» сайыс	7-сынып	қазан	Кәсіптік бағдар беруші
	«Не? Қайда?Қашан?» мамандық туралы викторина	7-сынып	наурыз	Кәсіптік бағдар беруші
	7 сынып оқушыларына мамандықтар туралы түсінік беру жұмыстарын жүргізу, сауалнама алу	7 сынып	қазан	Психолог
8 сыныптар				
	«Менің болашақ мамандығым» 8 сыныптар эссе жазу	8 сынып	қазан	Кәсіптік бағдар беруші
	8 сынып оқушыларына мамандықтар туралы түсінік беру жұмыстарын жүргізу , сауалнама алу	8 сынып	қараша	Психолог
	«Мамандығыңды дұрыс таңдай біл!» сауалнама	8 сынып	мамыр	Кәсіптік бағдар беруші
9-11 сыныптар				
	«Профиль әдістемесі» сауалнама	10сынып	қараша	Кәсіптік бағдар беруші

	«Дублер» күнін өткізу	11 сынып	Қазан	ДТЖО Мектеп парламенті
	Ата-аналар жиналыстарына қатысып, кәсіптік бағдар бойынша кеңес беру	9-11 сыныптар	2ші жартыжылдық	Кәсіптік бағдар беруші
	«Мың мамандық бәрі бар. Таңдап, талғап бірін ал!» студенттермен кездесу кеші 11 сынып	11 сынып	қаңтар	Ұйымдастырушы педагог
	9-11 сынып оқушыларының маман иелерімен кездесу кеші (жоғары жетістікке жеткен мамандармен, бизнес өкілдерімен, сала үздіктерімен)	9-11	Қараша	Кәсіптік бағдар беруші
	«Өз арманыңа өзің жет» психологиялық тренинг	9-11	ақпан	Кәсіптік бағдар беруші
	«Мамандықты дұрыс таңдау - табысты өмірдің кілті» мектеп түлектеріне кәсіби бағдар беру жиналысы	9-11	ақпан	Кәсіптік бағдар беруші
	«Мен таңдаған мамандық» 9 сынып оқушыларынан сауалнама алу	9 сыныптар	қараша	Кәсіптік бағдар беруші
	«Болашақ мамандықты таңдадыңызба?» дөңгелек үстел	9 сынып	ақпан	Кәсіптік бағдар беруші
	9-11 сынып оқушылары үшін нақты мамандық тізбесін жасау	9-11	мамыр	Кәсіптік бағдар беруші
	«Мен кім боламын?» сауалнама алып, пікірлесу сабағын өткізу	10 сыныптар	Желтоқсан - мамыр	Сынып жетекшілер

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс- шаралар	Орындау мерзімі	Жауапты
III. Кәсіби бағдар және мектептен тыс мекемелермен және оқу орындарымен байланыс	11 сынып оқушыларын кәсіби бағдар бойынша жиналыстарға қатыстыру	наурыз	Кәсіптік бағдар беруші
	9-11 сынып оқушыларын түрлі жоғарғы және арнаулы орта оқу орындарымен таныстыру	Ақпан-наурыз	Кәсіптік бағдар беруші
	Ақпараттық стендтерді толықтыру, жаңалап тұру	жыл бойы	Кәсіптік бағдар беруші
	ЖОО, АОО келген ақпараттармен таныстыру	жыл бойы	Кәсіптік бағдар беруші

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс- шаралар	Орындау мерзімі	Жауапты
IV. Ата-анамен жұмыс	9-11 сынып оқушыларын бейінді пәндерін тандау тәртібі жайында сынып сағаттарында ата-анаға ақпараттық көмек беру	Наурыз-сәуір	Кәсіптік бағдар беруші
	Ата-аналарды қаңтар айы ҰБТ нәтижесімен таныстыру, мамандық бойынша бағыт беру	ақпан	Кәсіптік бағдар беруші Сынып жетекшілер
	«Жасөспірімдерді мамандық тандау және өзін-өзі анықтау процесінде ата-аналардың рөлі» университеттер мен квоталар туралы мәлімет беру - ата-аналар жиналысы	мамыр	Кәсіптік бағдар беруші Сынып жетекшілер
	Соңғы ҰБТ-ға қатыстырып , ЖОО-ның мамандықтары туралы кеңестер беру. Оқушыларды АОО мен ЖОО-на орналастыру.	мамыр-тамыз	Кәсіптік бағдар беруші Сынып жетекшілер
	Атқарылған жұмыстардың есебін дайындау	Жартыжылдық бойынша	Кәсіптік бағдар беруші

Кәсіптік бағдар беруші: Косанова Г.